

**АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ЖӘНЕ МӘСЛИХАТЫНЫҢ
БІРЛЕСКЕН ҚАУЛЫСЫ МЕН ШЕШІМІ**

Ақтөбе қаласы

2019 жылғы 1 наурыз

**Ақтөбе қаласының ауылдарын тұрғын
үй алаптарына қайта құру туралы**

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Заңының 8-бабына және 11-бабының 3) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабының 1-тармағының 4) тармақшасына және 27 бабының 2 тармағына және Ақтөбе қаласының өкілді және атқарушы органдарының ұсыныстарын ескере отырып, Ақтөбе облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ақтөбе қаласының келесі ауылдары тұрғын үй алаптарына қайта құрылсын:

Кеңес Нокин, Ақшат, Белогор, Белогор карьері, Бекқұл баба, Қызылжар, Пригородный, Садовое, Украинка, Өлке, Шиелісай, Жаңақоныс, Құрашасай, Жіңішке, Шестихатка, Құрайлы, Георгиевка, Елек, Өрлеу, Қарғалы, Ақжар, Мағаджан, Сазды.

2. «Ақтөбе облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесі Ақтөбе қаласының әкімшілік-аумақтық құрылысындағы жүргізілген өзгерістерге сәйкес жер-кадастрлық құжаттаманы сәйкестендірсін.

3. Осы бірлескен әкімдік қаулысы және мәслихат шешімінің орындалуын бақылау облыс әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.

4. Осы бірлескен қаулы және шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

О. ОРАЗАЛИН

**Облыс
мәслихаттың хатшысы**

С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА

**Облыстық мәслихаттың
сессия төрағасы**

Т.ЕСЕНҒҰЛОВ